

"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙІ" АҚ ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және
қаржы ұйымдарын бақылау мен
қадағалау комитетімен

2011 жылғы 2 желтоқсанда

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және
қаржы ұйымдарын бақылау мен
қадағалау комитетінің Төрағасы

Б е к і т і л д і

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарийі" АҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен

(2011 жылғы 28 қазандағы отырыстың
№ 7 хаттамасы)

қолданысқа енгізілді

2012 жылғы 1 қаңтардан бастап

К.Б. КОЖАХМЕТОВ

ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ

Алматы қ.

2011

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгеріс:

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2013 жылғы 15 ақпандағы отырыстың № 1 хаттамасы);
- 2013 жылғы 14 наурызда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен;
- 2013 жылғы 3 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгеріс пен толықтырулар:

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2013 жылғы 12 сәуірдегі отырыстың № 3 хаттамасы);
- 2013 жылғы 14 мамырда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен;
- 2013 жылғы 13 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 өзгерістер мен толықтырулар:

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2015 жылғы 23 шілдедегі отырыстың № 21 хаттамасы);
- 2015 жылғы 10 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 3 өзгеріс:

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2017 жылғы 24 қазандағы отырыстың № 22 хаттамасы);
- 2017 жылғы 20 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді.

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы (бұдан әрі – Қағидалар жинағы) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) АҚ-ның депозитарлық қызметтерді, банктік операциялардың жекелеген түрлерін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Орталық депозитарий жүзеге асыратын қызметтердің басқа түрін жүзеге асыру тәртібін айқындайды (*кіріспе Орталық депозитарий Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 сәуірдегі және 2015 жылғы 23 шілдедегі шешімдерімен өзгертілді*).

1. Қағидалар жинағы Орталық депозитарийдің келесідей ішкі құжаттарының жиынтығын білдіреді:

- 1) 2010 жылғы 22 қарашада Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен (бұдан әрі – ҚҚА) келісілген және 2011 жылғы 5 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2010 жылғы 10 тамыздағы отырыстың № 7 хаттамасы) Депозитарлық қызметтерді жүзеге асыру қағидасы;
- 2) 2006 жылғы 4 қыркүйекте ҚҚА-мен келісілген және 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен Орталық депозитарий акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (2006 жылғы 16 қарашадағы № 2 хаттама) бекітілген Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге қызмет көрсету және өтеу қағидасы;
- 3) 2010 жылғы 1 қыркүйекте ҚҚА-мен келісілген және 2010 жылғы 17 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен (2010 жылғы 16 шілдедегі отырыстың № 6 хаттамасы) бекітілген Депозитарлық қызметтерді және муниципалдық облигацияларға қатысты өзге қызметтерді жүзеге асыру қағидасы;
- 4) 2010 жылғы 22 қарашада ҚҚА-мен келісілген және 2011 жылғы 5 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен (2010 жылғы 27 тамыздағы отырыстың № 8 хаттамасы) бекітілген Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру қағидасы;
- 5) 2013 жылғы 8 ақпанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау комитетімен келісілген және 2013 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2012 жылғы 29 желтоқсандағы отырыстың № 22 хаттамасы) Төлем агенті қызметін көрсету қағидасы;
- 6) 2012 жылғы 31 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау комитетімен келісілген және 2012 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2011 жылғы 29 желтоқсандағы отырыстың № 10 хаттамасы) "Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші" АҚ бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыру қағидасы;
- 7) 2012 жылғы 6 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау комитетімен келісілген және 2013 жылғы 3 сәуірден бастап қолданысқа енгізілген Орталық

депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2012 жылғы 27 тамыздағы отырыстың № 13 хаттамасы) Мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу қағидасы;

- 8) Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2017 жылғы 24 қазандағы отырыстың № 22 хаттамасы) және 2017 жылғы 20 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілген Жеке тұлғалар арасында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу қағидасы;
- 9) 2014 жылғы 16 маусымда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісілген және 2014 жылғы 8 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 29 сәуірдегі отырыстың № 9 хаттамасы) Туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер тізілімдерінің жүйесін қалыптастыру мен жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидасы;
- 10) 2010 жылғы 13 қыркүйекте ҚҚА-мен келісілген және 2010 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2010 жылғы 11 маусымдағы отырыстың № 4 хаттамасы) Бағалы қағаздарға және басқа қаржы құралдарына халықаралық сәйкестендіргіштерді беру қағидасы;
- 11) 2013 жылғы 22 қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісілген және 2014 жылғы 27 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2013 жылғы 12 шілдедегі отырыстың № 9 хаттамасы) Талап құқығына сәйкестендіргіштерді беру қағидасы;
- 12) 2011 жылғы 26 шілдеде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау комитетімен келісілген және 2011 жылғы 5 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2011 жылғы 10 маусымдағы отырыстың № 4 хаттамасы) Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы.

(Аталған тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 24 қазандағы шешімімен өзгертілді).

2. Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" заңының 81-бабының 1-тармағына сәйкес:
 - 1) Қағидалар жинағы Орталық депозитарийдің бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен өзара қарым-қатынасын айқындайды;
 - 2) Қағидалар жинағын сақтау Орталық депозитарийдің қызметтерін пайдаланатын барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады.

(Аталған тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 23 шілдедегі шешімімен енгізілді).

3. Қағидалар жинағы төмендегілерге қаншалықты қайшы келмесе, соншалықты жарамды болады:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамаларына, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға;

- 2) осы ішкі құжаттардың өзінің Қазақстан Республикасының заңнамаларына, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға қайшы келмеу шартымен Орталық депозитарийдің депозитарлық қызметтерді немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру бойынша қызметтерді жүзеге асыру кезінде Орталық депозитарийге қызмет көрсететін қаржылық ұйымдардың ішкі құжаттарына.

(Аталған тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 23 шілдедегі шешімімен енгізілді).

4. Егер Қағидалар жинағының қандай-да бір нормасы жарамсыз болса, онда бұл Қағидалар жинағының басқа нормаларын қозғамайды. Қағидалар жинағының жарамсыз нормасы заңды қолжетімді және тиісті қатынасты реттейтін нормамен ауыстырылады.

(Аталған тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 23 шілдедегі шешімімен енгізілді).

Президент

Б.Х. Капышев